

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес  
мәжілісінде  
Бекітілді  
Факультет деканы  
\_\_\_\_\_ Б.Б.Мейірбаев

**8D01802 - «Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасы**

**«ҚР Жастар саясаты: әлеуметтік- педагогикалық контекст»  
ПӘНІ БОЙЫНША**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

5 кредит, 1 курс,  
қазақ бөлімі

Алматы- 2023

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған  
п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« » \_\_\_\_\_ 2023 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Н.С. Әлқожаева

## Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және ДӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтихан барысында докторант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ, емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

**Емтиханды өткізу формасы:**

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды. **Жұмысты тексеру:** Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік мәселелері қарастырылады.

### **Оқыту нәтижелері:**

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- Жастардың білім алудағы, әлеуметтік ортадағы мәселесін талдау;
- Жастарды әлеуметтендірудегі ұрпақтар сабақтастығын талқылау;
- Жастардың әлеуметтенуі туралы өзекті сұрақтарды ашу;
- Жастар саясатының құқықтық негізін түсіндіру;
- Жастар саясатының қоғамдағы өзектілігін, ерекшеліктерін жіктеу.

### **Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:**

1. Жастарды әлеуметтендірудің нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуі.
2. Әрекет және оның әлеуметтік педагогикалық сипаттамасы мен мүмкіндіктері.
3. Жастарды әлеуметтендірудегі ұрпақтар сабақтастығы.
4. Әлеуметтендіру ғылымындағы адам және қоғам туралы

зерттеулер.

5. Тұлғаны әлеуметтендірудің туындауы, дамуы, қалыптасуы.
6. Коммуникацияның тұлғаны әлеуметтендірудегі рөлі.
7. «Жастар саясаты» ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары.
8. Әлеуметтік ұйымның қызметкері ретінде командалық іс-әрекет ету жоспарын талдаңыз.
9. Жоғары оқу орнындағы жастар мәселесі.
10. Жастардың жұмыссыздық мәселесі.
11. Менталитеттің отбасылық, гендерлік әлеуметтенуге және тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпалы.
12. Жастар ұғымын анықтауды әдіснамалық амал.
13. Жастарды әлеуметтендіруде БАҚ мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану.
14. Әрекет түрлерінің тұлға әлеуметтенуіне ықпалы.
15. Жастарды әлеуметтендірудің дәстүрлі формасының тоқырау себептері және одан шығудың жолдары.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан жастары. Статистикалық жинақ..Астана.2017.
2. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы және технологиясы. Алматы ,ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 336 бет.
3. Қазақстан жастары. Жинақ.- Астана.,2017.
4. А.И.Свинарчук., А.К.Капышев., К.Е.Смагулов. Алматы.Молодежная политика в РК. Уч.пос. Қазақ университеті.2019.-
5. Раздыков.С.З., Раздыкова С.С Молодежная политика. Уч. Пос. 2017№
6. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.
7. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с.
8. Батырбеков М.Б. Выдающиеся ученые – педагоги высшей школы Казахстана. Алматы, 2004

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ: ДОК\СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН:  
ЖАЗБАША**

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>1 сұрақ 30 балл</b>	Курс теориясы мен Жас тар саясатының тұжырымдаларын білу және түсіну	Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі жоғары екенін байқатады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы.	«Қанағаттанарлық» бағасы ұсынылған емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
2 сұрақ 35 балл	ҚР Жастар саясаты және әлеуметтік педагогикалық контекст пәнінен сызбалар, кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу.	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы.	Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалануы.	Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі.	Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% ( 27- 35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)

<p><b>3 сұрақ</b> <b>35 балл</b></p>	<p>ҚР Жастар саясатының өзекті мәселесін практикалық тұрғыда талдай алу.</p>	<p>Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).</p>	<p>Тұжырымда малық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдар дағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ</p>	<p>Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырым-дамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді.</p>
--	--	---	--	--	---	---

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 35 балл.